

## Бұланды және Аршалы аудандары бойынша облыстың кейбір елді мекендерінің атауларын өзгерту туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2007 жылғы 27 сәуірдегі N а-5/145 қаулысы мен Ақмола облыстық мәслихатының 2007 жылғы 27 сәуірдегі N ЗС-26-13 шешімі. Ақмола облысының әділет департаментінде 2007 жылғы 25 мамырда N 3223 тіркелді.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша «селосы», «селолық» деген сөздер «ауылы», «ауылдық» деген сөздермен ауыстырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 17.02.2015 № А-2/65 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 17.02.2015 № 5С-34-6 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11 бабына сәйкес, Бұланды ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 6 қазандағы N А-10/165 және 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N а-12/199 қаулылары, Бұланды аудандық мәслихатының 2006 жылғы 6 қазандағы N ЗС-33/3 және 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N ЗС-35/3 шешімдері, Аршалы ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 13 қазандағы N 319 және 2006 жылғы 20 желтоқсандағы N 491 қаулылары, Аршалы аудандық мәслихатының 2006 жылғы 13 қазандағы N 36/11 және 2006 жылғы 20 желтоқсандағы N 38/5 шешімдері негізінде және Ақмола облысы әкімдігінің жанындағы тіл саясаты және ономастика жөніндегі облыстық комиссияның 2007 жылғы 30 наурыздағы шешіміне байланысты Ақмола облысының әкімдігі мен Ақмола облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақмола облысының кейбір елді мекендерінің атаулары өзгертілсін:

1) Бұланды ауданы бойынша:

Айнакөл ауылдық округінің Красноводское ауылы Айнакөл ауылына;

Қараөзек ауылдық округінің Колоколовка ауылы Қараөзек ауылына;

Қараөзек ауылдық округінің Прохоровка ауылы Байсуат ауылына;

Вознесенка ауылдық округінің Белоцерковка ауылы Аққайың ауылына;

Вознесенка ауылдық округінің Красный Кардон ауылы Тастыөзек ауылына;

Ерголка ауылдық округінің Ерголка ауылы Тоқтамыс ауылына;

Карамышевка ауылдық округінің Карамышевка ауылы Шұбарағаш ауылына;

2) Аршалы ауданы бойынша:

Нововладимировка ауылдық округінің Нововладимировка ауылы Бұлақсай ауылына

;

Нововладимировка ауылдық округі Бұлақсай ауылдық округіне;

Александровка ауылдық округінің Мартыновка ауылы Жалтыркөл ауылына.

2. Шешім Ақмола облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден

өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Шешім облыстық газеттерде жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облысының әкімі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК